# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №45 (2002) 22 ЖЕЛТОҚСАН 2025 ЖЫЛ


# ЖОО мен ҒЗИ басшыларының жиыны өтті



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның қатысуымен жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғылыми-зерттеу институттары директорларының кеңейтілген жиыны өтті.**

Іс-шара барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылым мен жоғары білім саласын дамытуға қатысты жүктеген негізгі міндеттері талқыланды.

Еркін форматта ұйымдастырылған кездесуге ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, ҚР ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Гүлзат Көбенова, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қатысты.

Жиында вице-премьер Аида Балаева ғылым мен жоғары білім елдің стратегиялық дамуының маңызды тірегі екенін атап өтті. «Ғылым мен жоғары білім – елдің тұрақты дамуының негізгі тірегі. Университеттер мен ғылыми ұйымдар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосатын орталыққа айналуы тиіс. Сондықтан нарыққа бейімделіп жұмыс істеу заман талабы», – деді Аида Ғалымқызы.

Өз кезегінде ҚР ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Гүлзат Көбенова министрлік тарапынан отандық ғылымды дамытуға, жас ғалымдарды қолдауға, ғылыми инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Жалғасы 2-бетте

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде БҰҰ Адамзат бауырластығының халықаралық күні аясында «Цифрландыру дәуіріндегі масс-медиа трансформациясы» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел өтті.**



# Цифрландыру дәуіріндегі масс-медиа

Биыл құрылғанына 15 жыл толып отырған «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі мен ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырған жиынға отандық бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, белгілі журналистер, депутаттар мен ғалымдар қатысты.

Ауқымды шараны ашқан ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды «жаппай цифрлық елге» айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатына тоқталып, жасанды интеллектінің маңызын атап өтті: «ҚазҰУ бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізіп келеді. Ақпараттық технологиялар факультетінен бөлек, журналистика факультетінде еліміздегі алғашқы «LG AI MediaLab» зертханасын іске қостық. Бұл орталық нейрожелілерді медиа және коммуникация саласында қолдануды үйрететін бірегей алаңға айналды», – деді ректор.




Жалғасы 2-бетте

# Бірлескен наноспутник орбитаға шығарылды

**2025 жылғы 13 желтоқсанда Бейжің уақыты бойынша сағат 09:08-де «Қытай – Қазақстан» наноспутнигі 530 км биіктікте орбитаға сәтті шығарылды.**

Ғарыштық зерттеулерге арналған бұл құрылғыны Солтүстік-батыс политехникалық университеті (СБПУ) мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесіп әзірлеген.

Наноспутник Ziwei Aerospace компаниясының «Диэр-5» (Яо-8 миссиясы) ғарыш аппараты арқылы «Куайчжоу-11» зымыран тасығышымен орбитаға жеткізілді.

Айта кетейік, 2024 жылы ҚазҰУ мен СБПУ микроспутниктерді зерттеу бағытында бірлескен ғылыми жұмыстар жүргізу туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің ресми сапары кезінде келісілген болатын.

Наноспутник бірнеше негізгі міндеттерді жүзеге асырады: мақсаттарды жоғары тұрақтылықпен маневрлі бақылау, икемді сенсорларға негізделген платформа ориентациясын динамикалық қабылдау және компенсациялау, сонымен қатар OpenHarmony ашық бастапқы коды бар операциялық жүйеге негізделген қашықтықтан зондтау кескіндерін автономды тану.



**Алмат МҰРАТҰЛЫ**


2-бет **Бірлескен орталық құру мүмкіндіктері сараланды**



3-бет Ғабит ҚОЙШЫБАЕВ: **Дипломатияда романтикадан гөрі жауапкершілік басым**



6-бет **Выпускник КазНУ избран иностранным академиком НИА РК**



АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №45 (2002) 22.12.2025 ЖЫЛ

# ЖОО мен ҒЗИ басшыларының жиыны өтті




**Соңы. Басы 1-бетте**

Шарада ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев баяндама жасап, университет өзінің дәстүрлі ғылыми мектебін заман талабына сай әлемдік озық тәжірибелермен ұштастырып келе жатқанына тоқталды. «Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Білім мен ғылымға озық халықаралық тәжірибе ауадай қажет. Университеттер мен ғылыми ұйымдар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосатын стратегиялық орталық болуы керек», – деп атап өткен болатын. ҚазҰУ-да 39 ғылыми орталық пен 140 зертхана, 400-ге жуық ғылыми жоба іске асырылуда. Соңғы жылдары 110 миллион доллардан астам инвестиция тартылды, 50 заманауи зертхана ашылды», – деді ректор.

Жиын соңында қатысушылар ғылым мен жоғары білім саласын одан әрі дамытуға бағытталған ұсыныстарын білдіріп, университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ынтымақтастықты күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**



# POSCO стипендиясы табысталды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Кореядағы POSCO корпорациясының Орталық Азия бойынша бөлімінің бас директоры Мун Сангюды қабылдады.**

Кездесуде Мун Сангю халықаралық қатынастар, филология, заң, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінде оқитын 10 үздік студентке POSCO корпорациясының атынан арнайы бір реттік атаулы стипендияны салтанатты түрде табыстады.

Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа оқу ордасының ғылыми әлеуетін таныстырып, бүгінгі студенттерге берілген стипендия жастар үшін үлкен қолдау екенін жеткізді.

Өз кезегінде Мун Сангю ілтипат білдіргені үшін ЖОО басшылығы мен ұжымына алғыс айтып, аталған барлық ұсыныстарды қолдауға дайын екенін жеткізді.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Цифрландыру дәуіріндегі масс-медиа

**Соңы. Басы 1-бетте**

Өз кезегінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай журналистиканың қара шаңырағы ҚазҰУ-ға және ұстаздарға алғыс білдіріп, бүгінгі медианың жаңа болмысына тоқталды. Тақырыпты заңнамалық және этикалық қырынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Башимов сабақтастырды.

«Бас редакторлар клубының» 15 жылдық мерейтойы аясында қазақ журналистикасының майталмандары – Сағымбай Қозыбаев, Көкен Хамзин, Марат Тоқашбаев және Нұржан Мұхамеджановаға ардагерлер медалі тапсырылды.

Басқосуда «Бас редакторлар клубы» ҚБ бірінші вице-президенті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Мұратбек Тоқтағазин қазіргі журналистикадағы жасанды интеллекттің рөлі мен оның болашағы жөнінде ой бөлісті.



Сонымен қатар медиаменеджер Ерлан Бекхожин, PR маманы, журналист Айбар Олжай, Республикалық «Әділет» газетінің төрағасы Қуанышбек Ботабеков, жасанды интеллект зерттеушісі Мейіржан Әуелханұлы және ҚазҰУ журналистика факультетінің докторанты Телман Бейсен және өзге де мамандар өз салалары бойынша өзекті мәселелерді көтеріп, нақты ұсыныстарын ортаға салды.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

# Ректор халықаралық жиында баяндама жасады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Еуразиялық университеттер қауымдастығы кеңесінің отырысына қатысып, оқу ордасының халықаралық ынтымақтастық саласындағы жұмыс нәтижелерін таныстырды.**

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев «Халықаралық ынтымақтастық – ҚазҰУ-дың жаһандық рейтингтердегі орнын арттырудың негізгі драйвері» тақырыбында баяндама жасады. Ректор серіктес жоғары оқу орындары желісін кеңейтудің маңыздылығын атап өтіп, бұл тәжірибе алмасуға, озық тәжірибелерді енгізуге және бірлескен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретінін айтты. ҚазҰУ халықаралық серіктестіктерді Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда тиімді пайдаланып келеді. Университеттің шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы бірлескен жобалар мен білім беру бағдарламаларын іске асыруға жол ашады. Бүгінде ҚазҰУ шетелдік білім беру мекемелерімен, ғылыми орталықтармен және өзге де ұйымдармен 700-ден астам келісім жасаған. Оның ішінде 27-ден астамына 2025 жылы қол қойылған.




**Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ**

# Бірлескен орталық құру мүмкіндіктері сараланды

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Хэнань қаржы-экономикалық университеті (Henan Finance University) делегациясымен кездесті.**

Жүздесуде ректор Қытай университеттерімен өзара тиімді әріптестіктің жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар ҚазҰУ базасында Қытай индустриялық серіктестері қатысатын алдыңғы қатарлы технологиялар бойынша бірлескен қазақ-қытай ғылыми-білім беру орталығын құру мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Ынтымақтастықтың басым бағыттары ретінде цифрлық технологиялар, робототехника, ЖИ, аэрокосмостық және атомдық технологиялар аталды.

Хэнань қаржы-экономикалық университетінің ректоры Ван Сюэюнь Henan Finance University-ді қаржы-экономикалық сала кадрларын даярлайтын, мықты кадрлық базасы мен кең студенттік құрамға ие университет ретінде сипаттады. Ол университеттің «қаржы+технология» және «қаржы+білім» саласындағы көпсалалы бағдарламаларды белсенді дамытып жатқанын атап өтті. Құрметті қонақ сондай-ақ екіжақты алмасу бағдарламаларын, бірлескен зерттеулер мен практикалық қолданбалы жобаларды кеңейтуге қызығушылық танытты.



**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №45 (2002) 22.12.2025 ЖЫЛ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің түлегі, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы және Моңғолия Халық Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі болып қызмет атқарған еліміздің көрнекті дипломаты Ғабит Қойшыбаев өзінің университет қабырғасындағы жылдары және дипломатиялық қызмет жолы мен халықаралық аренадағы тәжірибелері жайлы әңгімелейді.**



## Ғабит ҚОЙШЫБАЕВ:

# Дипломатияда романтикадан гөрі жауапкершілік басым

**– Ғабит Бейбітұлы, сізді Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хүрэлсүхтің қолынан алған «Достық» төсбелгіңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл марапат екі ел арасындағы достық пен өзара сенімді нығайту жолындағы еңбегіңіздің лайықты бағасы деп білеміз. Алғашқы сұрағым, сіздің дипломатия жолындағы сапарыңыз қай кезеңнен бастау алады?**

– Ыстық ілтипатыңызға рақмет! Бұл марапат тек маған емес, еліміздің дипломатиялық мектебі үшін де зор құрмет деп білемін. Себебі ол жеке еңбектің емес, ел мүддесі жолындағы ұжымдық тәжірибенің және Қазақстан дипломатиясының кәсіби деңгейі мен халықаралық беделінің көрінісі. Сіздің «дипломат жолы – тар жол, тайғақ кешуге толы күрделі жол» деген пікіріңізге толық қосыламын. Шынында да, бұл жолда романтикадан гөрі жауапкершілік басым. Дипломатиялық қызметтің сырт көзге көрінбейтін, бірақ үлкен сабыр мен парасатты қажет ететін қыры көп. Қызмет барысында ел мүддесін қорғау ғана емес, мемлекетіңнің абыройын, сенімін, негізгі ұстанымдарын әлемге таныту қажет болады. Сондықтан мен өз жолымды жай ғана қызмет емес, бір ұлттың үні мен бейнесін әлемге паш ететін маңызды миссия деп есептеймін. Шетел тілдері мен мәдениетіне деген қызығушылығым 1979-89 жылдары оқыған №12 қазақ орта мектебінде қалыптаса бастады. Сол жылдар тұлға ретінде қалыптасудың алғашқы баспалдағы, ізденіске, жаңа дүниелерге ұмтылысқа жетелеген кезең еді. Сүйікті пәндерім математика, сурет салу, сызу және информатика болатын. Әсіресе математика пәнінен сабақ берген ұстазым Дәмелі Данииярова апайым жадымда ерекше сақталып қалды. Ол кісі есеп шығаруды ғана емес, сонымен бірге өз ойыңды дәлелдей білуге, жүйелілікке, сабырлылыққа баулыды. Жалпы, ұстаздарымыз бізге тек білім беріп қана қойған жоқ, тұлға ретінде қалыптастырды, өмірге тәрбиеледі. 1989 жылы орта мектепті үздік аяқтап, ҚазМУ-да (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) жаңадан ашылған шығыстану факультетінің қытай филологиясы бөліміне қабылдандым. ҚазҰУ қабырғасындағы студенттік жылдар менің өмір жолымды айқындаған, дипломатиялық қызметімнің бастауына айналған маңызды кезең еді. Университеттен алған терең білім мен рухани тәрбие кейін бүкіл кәсіби қызметімнің берік іргетасын қалады десем артық емес.

**– Қытай тілі мен мәдениетіне қызығушылық қалай пайда болды? Бұл мамандыққа кездейсоқ келмеген шығарсыз?**

– Иә, менің қытай тілін таңдауым кездейсоқтық емес, белгілі бір тарихи кезеңнің ықпалы мен отбасылық бағыттың тоғысуының нәтижесінде болды. 1989 жыл КСРО мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастар қайта жандана бастаған кезең болатын. Дәл сол уақытта әкем, белгілі журналист әрі қоғам қайраткері Бейбіт Қойшыбаев мені үлкен ойға жетелеп, «Қытай – біздің көршіміз ғана емес, болашақта әлемдік аренада ерекше орын алатын жетекші елдердің біріне айналады. Сол кезде елімізге қытай тілі мен мәдениетін жақсы меңгерген мамандар керек болады. Сол жолға бар, балам» – деген еді. Әкемнің бұл сөзі маған өмірлік бағдар, рухани серпін берді. Осылайша мен қытай тілі мен осы елдің мәдениетіне терең бойлауға бел будым. Бұл тұрғыда тылсым құпияға толы «Қытай әлемінің» есігін ашып, алғашқы қадамдарымның тұсауын кескен ұлағатты ұстаздарымды – Мәди Нұрсаидов ағайды, Қытайдан келген профессорлар Ли Цзиң, Ма Шучин және Шара Таңжарыққызы апайларды, сондай-ақ көрнекті ғалым Клара Хафизова секілді ұстаздарымды үлкен ілтипат әрі ерекше ізетпен еске аламын. Оларға шексіз алғысымды білдіремін. Ұстаздарымыз бізге тек тілді ғана үйретіп қойған жоқ, сонымен бірге сол тілдің астарында жатқан ұлттық дүниетанымды, қытай халқының ойлау жүйесін, мінез-құлық мәдениетін, «жұмсақ дипломатияның» қыр-сырын да түсіндірді. Олардың сабыр мен парасатқа негізделген ұстаздық мектебі кейінгі кәсіби жолымда, әсіресе дипломатиялық қызметімде адаммен тіл табысу, мәмілеге келу, төзім мен байыптылық таныту сынды қасиеттерді қалыптастыруда баға жетпес мектеп болды.

**– Қытай тілін үйрену жолында қандай қиындықтар кездесті? Осы тұрғыда бүгінгі студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?**

– Қытай тілінің ең күрделі тұсы, менімше, иероглиф жүйесі емес, оның төрт тондық екпін жүйесі. Шынымды айтсам, әлі күнге дейін кейде тондарды шатастырып алатын кездерім болады. Сондықтан қытай тілін жаңа үйрене бастаған студенттерге айтарым – әр сөйлемді қысқа бір әуен ретінде қабылдаңыздар. Қытай тілі – интонация мен ырғаққа негізделген тіл, сондықтан сөйлегенде логикалық кідірісті жеке сөздердің арасынан емес, мағыналық және интонациялық байланысы бар топтардан жасаған жөн. Тілді меңгерудің тағы бір тиімді жолы – тіл иелерімен тікелей қарым-қатынас жасау. Біз оқыған жылдары бүгінгідей техникалық мүмкіндіктер болған жоқ, сондықтан кездейсоқ кездескен қытайлық азаматтармен сөйлесіп қалуға тырысатынбыз. Ал қазіргі жастардың мүмкіндігі әлдеқайда кең: жасанды интеллект платформалары арқылы виртуалды қытайтілдес серіктестерімен сөйлесіп, сөйлеу машығын жетілдіруге әбден болады. Менінше, қазіргі заманның осындай игіліктерін дұрыс пайдалана білген жөн. Сондай-ақ иероглифтердің тек дәстүрлі (кайшу) емес, қарапайым әрі жылдам жазылатын (сиңшу) түрін қатар үйрену өте пайдалы. Себебі ресми құжаттарда да, тұрмыстық хат алмасуда да бұл айырмашылық айқын байқалады.

**– Қытай елімен алғашқы таныстығыңыз қалай өтті? Есте қалған қызықты сәттер бар ма?**

– Мен 1993-94 жылдары Бейжіңдегі Солтүстік политехникалық университетінде тілдік тағылымдамадан өттім. Қытай елімен алғашқы таныстығым да осы жылдардан басталды. Қытай қоғамының даму қарқыны, адамдардың еңбекқорлығы мен ұқыптылығы, мәдени әдеп пен қоғамдық тәртіп – бәрі де мені қатты таңғалдырды. Есімде қалған қызықты сәттер өте көп: кешкі саньбусыбу (вальс пен фокстрот элементтері бар би түрі – авт.) билері мен адамдардың серуенге шығуы, автобус, троллейбус және метроға тармаса мініп, бос орын үшін таласқан ығы-жығы халық – осының барлығы әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Тайшань тауына бес сағат бойы өрмелегенім, Шаолинь монастырына сапарым, Ұлы Қытай қорғанының бітіп болмайтын баспалдақтары, Циндао қаласының неміс архитектурасымен көмкерілген көшелері, Бейжіңдегі Ваңфуцзин көшесіндегі түнгі базар – бәрі де менің жадымда қалған ұмытылмас естеліктер. Студенттік өмірдің өзіне тән «дәмі» де ерекше ғой: қалтада ақша болғанда гұңбаоцзидиң (тауық етінен дайындалған қуырма тағам – авт.), цуңбао нюжоу (сиыр етінен жасалған тағам – авт.) жейтінбіз, ал қаражат азайғанда цзяньбиң – жұқа шелпекке, тіпті фаңбяньмянь – жеделкеспеге қанағат қылатынбыз. Сол жылдар менің дүниетанымымды ерекше кеңейткен жылдар еді.

**– Дипломатиялық қызметіңіз қалай басталды? Бұл жолда қандай тәжірибе жинадыңыз?**

– Дипломатиялық жолымды 1994 жылы Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің Азия басқармасында референт қызметінен бастадым. Сол жылы консулдық басқармаға тағылымдамаға барып, көп ұзамай Үрімшідегі Қазақстанның алғашқы паспорттық-визалық қызметін ашуға жіберілдім. Бұл қызмет мен үшін нағыз дипломаттық тәжірибе мектебі болды: жұмыс барысында ел мүддесін қорғау, адамдармен жұмыс істеудің қыр-сырын үйрендім. Кейін Бейжіңдегі елшілікте, Шанхайдағы Бас консулдықта, Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында және Президент Әкімшілігінің Сыртқы саясат орталығында түрлі лауазымдарда қызмет еттім. 2019-22 жылдар аралығында Қазақстанның Қытайдағы төтенше және өкілетті елшісі, ал 2022-25 жылдар аралығында еліміздің Моңғолиядағы төтенше және өкілетті елшісі болып қызмет атқардым.

Дипломатия – сырт көзге романтикаға толы қызық өмір болып көрінгенімен, шындығында, шыдам мен жауапкершілікті талап ететін күрделі жұмыс, үлкен жауапкершілік. Елші қызметін атқарып жүргенімде, кейде елшіліктегі құрылыс жұмыстарынан бастап, отандастарды індет кезінде елге эвакуациялауға дейінгі түрлі міндет атқаруға тура келеді. Жас мамандарға айтарым – дипломатиялық жолды таңдаған адам өз ісіне адал, сабырлы әрі ұқыпты болуы керек. Дипломат үшін ең басты қасиет – бастамашылдық, парасат, байыптылық және сауатты болу. Ең маңыздысы – қандай жағдайда да өз елінің мүддесі мен абыройын бәрінен де жоғары ұстау.

**– Кәсіби қызмет жолында кімнің еңбегі немесе ойы ерекше әсер етті?**

– Кейбір көрнекті дипломаттар мен саяси қайраткерлердің еңбектері мен естеліктері маған үлкен әсер қалдырды. Мысалы, Александр Бовиннің «Записки ненастоящего посла» атты кітабы, Анатолий Добрыниннің «Сугубо доверительно. Посол в Вашингтоне при шести президентах США» еңбегі және Сталиннің жеке аудармашысы Валентин Бережковтың естеліктерін ерекше ынтамен оқитынмын. Бұл еңбектер мені дипломатияның сырт көзге көрінбейтін қырлары – адами және моральдық қырларымен терең таныстырды. Болашақ дипломаттарға да осы еңбектерді оқуға кеңес беремін.

**– Өзіңіз түлеп ұшқан қара шаңыраққа – төл университетімізге және қазіргі студенттерге не айтар едіңіз?**

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – менің өмірлік мектебім, рухани темірқазығым. Қара шаңыраққа алған білім мен ұстаздарымның тәлімі менің бүкіл өмірлік жолымды айқындады. Ұстаздарыма алғысым шексіз! Ал өскелең ұрпаққа айтарым, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мырза жуырда: «Қазақстан жастары бірнеше тілді меңгеруі тиіс. Қазақ және орыс тілдерін, сондай-ақ ағылшын, қытай және басқа да тілдерді білу – бұл әлемде табысқа жетудің маңызды шарты», – деп атап өтті. Менің де қазіргі жастарға айтарым: әлемді танудан шаршамаңыздар, мүмкіндігінше көп тіл үйренуге тырысыңыздар. Әрбір үйренген тілді жаңа әлемнің тылсым сырын ашатын ғажайып кілт деп біліңіз. Сөз соңында айтарым, қай елде, қай жерде жүрсеңіздер де, өз еліңіздің, өз мәдениетіңіздің өкілі екеніңізді ешқашан ұмытпаңыздар. Әрқашан өз Отаныңыздың абыройын ойлап, оның қадір-қасиетін сөзбен де, іспен де таныта біліңіздер.

**– Әңгімеңізге рақмет.**

**Фатимабибі ДӘУЛЕТ,**
*Қытайтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№45 (2002) 22.12.2025 ЖЫЛ

# Онлайн-курстар білім берудің жаңа тәсілін қалыптастырады

**Соңғы жылдары массалық ашық онлайн-курстар (МООК) заманауи білім беру ортасының ажырамас бөлігіне айналды. Олар тыңдаушыларға орналасқан жеріне немесе дайындық деңгейіне қарамастан, сапалы білім алуға мүмкіндік береді және университеттерге ғылыми-әдістемелік тәжірибесін кең аудиториямен бөлісуге жол ашады. Икемді формат, дәрістер, интерактивті тапсырмалар мен цифрлық технологиялардың үйлесімі МООК-тарды білім сапасын арттыруға және оқу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған пәрменді құралға айналдырады. Бүгінде онлайн-курстар білім берудің жаңа тәсілін қалыптастырып, оқу процесін қолжетімді, ыңғайлы етеді.**



ҚазҰУ-да «Ең танымал онлайн-курс», «Сыртқы тыңдаушылардың ең көп саны бар онлайн-курс» және «Ең сұранысқа ие онлайн-курс» номинациялары бойынша сараптау жүргізіліп, жеңімпаздар анықталды.

Сертификаттарды табыстау рәсімі ҚазҰУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Алина Галееваның қатысуымен өтті. Проректор өз сөзінде сапалы онлайн-курстар әзірлеу айтарлықтай еңбекті, кәсібилікті және студенттердің білім алу қажеттіліктерін терең түсінуді талап ететінін атап өтті. Авторлық топтардың еңбегі цифрлық білім беру ортасын дамытуға және тыңдаушылардың заманауи білім ресурстарына қолжетімділігін кеңейтуге зор үлес қосатынын айтты. Оқытушыларға онлайн-білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

«Медико-биологиялық мақсаттағы полимерлер химиясы» атты МООК авторлары – Перизат Үркімбаева, Райхан Рахметуллаева, Әсел Тоқтабаева және Зарина Кеңесова «Ең танымал онлайн-курс» номинациясының жеңімпаздары атанды.

Перизат Үркімбаеваның (курс жетекшісі) «Медико-биологиялық мақсаттағы полимерлер химиясы» пәні бойынша онлайн-курсы студенттерге медициналық және биологиялық мақсаттағы полимерлер туралы терең және жүйеленген білім беруге арналған. Курс полимерлердің қасиеттерін, синтездеу әдістерін және оларды медицина, биотехнология және фармацевтика саласында қолдану мүмкіндіктерін үйретеді.

Медико-биологиялық мақсаттағы полимерлер – бұл тірі ағзамен өзара әрекеттесуге арналған жоғары молекулалық материалдар. Олар биосәйкестендірілетін импланттар, протездер, белсенді заттардың бақылаулы бөлінуі бар дәрілік жүйелер, сондай-ақ тіндік инженерия сияқты медициналық салаларда қолданылады. Райхан Рахметуллаеваның айтуынша, бұл пән бойынша онлайн-курстың құрылуы студенттерге материалды ыңғайлы қарқында оқуға, күрделі теориялық ұғымдар мен практикалық дағдыларды меңгеруге, әдістемелік материалдарға қашықтан қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әсел Тоқтабаева: «Курс студенттердің заманауи полимерлік материалдармен жұмыс жасау, олардың биосәйкестігін және медико-биологиялық технологияларда қолданылуын түсіну дағдыларын дамытуға, сондай-ақ медициналық химия саласында зерттеу және жобалық жұмыстарға дайындалуға септігін тигізеді», – десе, Зарина Кеңесова: «Курсты тек ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің студенттері ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарының білім алушылары және Өзбекстанның Термез мемлекеттік университетінің химия факультетінің студенттері де оқыды. Бұл университеттің шетелдерде кең танылуына өз үлесін қосады», – деген ойымен бөлісті.

Осылайша курс тек академиялық білімді кеңейтумен шектелмей, болашақ мамандарды еңбек нарығында және ғылыми салада бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# «Климаттың өзгеруімен күрес» ашық сабағы



**ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының педагогикалық тәжірибесі аясында Тұрақты даму мақсаттарының 13-ші тармағы – «Климаттың өзгеруімен күрес» бағытында ашық сабақ ұйымдастырылды. Сабақты «Қолданбалы және есептеу математикасы» мамандығының 1-курс магистранты Ақтолқын Ақылбекқызы ПМ-23-1 тобының студенттеріне арнап жүргізді.**

Іс-шараға психология пәнінің оқытушысы Сараш Қоңырбаева, сондай-ақ кафедраның өкілі ретінде мен қатыстым.

Ашық сабақ барысында магистрант студенттерді климаттық модельдердің ғылыми маңыздылығы, олардың экологиялық процестерді талдаудағы және климаттың өзгеруін болжауда қолданылатын тәсілдерімен таныстырды. Түрлі модельдер – ауа ластануының таралу моделінен бастап, теңіз деңгейінің көтерілуі мен орман өртіне климаттың әсерін сипаттайтын модельдерге дейін нақты мысалдар арқылы берілді.

Сабақтың практикалық бөлімі интерактивті форматта өтті: студенттер модельдер бойынша берілген тапсырмаларды топпен талдап, өз шешімдерін қорғады. Бұл олардың ғылыми ойлау қабілетін, талдау және дәлелдеу дағдыларын, сондай-ақ топтық жұмыс мәдениетін дамытуға ықпал етті.

Айта кету қажет, бұл ашық сабақ факультеттің 3-курс бакалавриат студенттерінің мамандыққа бағытталған негізгі теориялық курстарымен тікелей байланысты. Атап айтқанда студенттер осы кезеңде: дифференциалдық теңдеулер; математикалық физика теңдеулері; есептеу математикасы; сандық әдістер; модельдеу және симуляция негіздері сияқты пәндер аясында табиғи, климаттық және экологиялық процестерді сипаттайтын нақты математикалық модельдер мен теңдеулерді шешуді оқып жатыр.



Ашық сабақ барысында студенттер өздері теорияда меңгеріп жатқан тепе-теңдік модельдері, диффузиялық процестер, реакция-тасымалдау теңдеулері, жылу алмасу модельдері сияқты тақырыптарды практикалық мысалдармен байланыстырып, климаттық модельдермен жұмыс істеудің маңызын еркін түрде талқылады.

Магистрант жүргізген сабақ климаттық өзгерістерді зерттеуде қолданбалы және есептеу математикасының рөлін айқындап, студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл іс-шара студенттерді экологиялық жауапкершілікке, тұрақты даму мәселелерін сандық модельдеу арқылы талдай білуге және шешім қабылдау процесіне қатысуға ынталандырды.

**Лида САҒЫМБАЕВА,**
*Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

# Жасанды интеллект және физика

**Физика секілді күрделі әрі іргелі ғылым саласында ЖИ-дің қолданылуы зерттеу тәсілдерін түбегейлі өзгертіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Бұл үдеріс тек есептеу жылдамдығын арттырып қана қоймай, ғылыми ойлаудың жаңа деңгейін қалыптастыруға ықпал етеді.**

Жасанды интеллектіні физикада қолданудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары ғылымның жаңа даму кеңістігіне жол ашады. Яғни күрделі физикалық процестерді модельдеу қазіргі физика көпкомпонентті, бейсызық және тұрақсыз жүйелерді зерттеумен сипатталады. Мұндай жүйелерді дәстүрлі аналитикалық әдістермен сипаттау көбіне мүмкін емес. Жасанды интеллект, әсіресе машиналық оқыту алгоритмдері, диффузиялық, конвективтік және турбуленттік процестерді жоғары дәлдікпен модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу уақытын қысқартып, есептеу ресурстарын тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Эксперименттік деректерді талдаудың жаңа деңгейінде заманауи физикалық эксперименттер орасан зор көлемдегі деректерді тудырады. ЖИ осы деректерді автоматты түрде өңдеп, жасырын заңдылықтарды анықтауға қабілетті. Нәтижесінде зерттеуші тек мәлімет жинаумен шектелмей, алынған нәтижелерді терең түсіндіруге және ғылыми интерпретациялауға көбірек көңіл бөле алады.




Болжау және аномалиялық құбылыстарды анықтауда жасанды интеллектінің маңызды артықшылықтарының бірі – болжау мүмкіндігі. Физикалық жүйелердегі күтпеген, аномалиялық құбылыстарды алдын ала анықтау ғылыми жаңалықтарға бастайтын маңызды қадам болып табылады. ЖИ көмегімен газ қоспаларындағы аномалиялық тасымалдау, фазалық ауысулар немесе тұрақсыз режимдердің басталу шарттарын ерте кезеңде болжауға болады.

Білім беру мен ғылыми мәдениеттің жаңаруы физиканы оқытуда жасанды интеллектінің қолданылуы білім беру үдерісін интерактивті әрі нәтижелі етеді. Виртуалды зертханалар, интеллектуалды оқыту жүйелері студенттердің күрделі ұғымдарды терең түсінуіне жағдай жасайды. Бұл – болашақ физикасының басты бағыты, яғни болашақта ғылыми ойлауы дамыған, технологияға бейім мамандарды даярлауға негіз болады.

Жасанды интеллект – физиканың дәстүрлі әдістерін алмастыратын құрал емес, оларды толықтыратын қуатты серіктес. ЖИ-ді физикада тиімді пайдалану ғылымның сапалы дамуына, жаңа ашылымдарға және интеллектуалдық әлеуеттің артуына жол ашады.

**Мәнсия ӘСЕМБАЕВА,**
*Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті*

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№45 (2002) 22.12.2025 ЖЫЛ

# Шығыстың шоқ жұлдызы

**Қазақ халқының ұлы ғалымы, ағартушысы және саяхатшысы Шоқан Уәлихановтың туғанына – 190 жыл. Шоқан Шыңғысұлы – қазақтан шыққан тұңғыш саяхатшылардың бірі. Ол Орта Азияның, Қытайдың және Шығыс Түркістанның картасын жасап, ғылыми тұрғыда зерттеген алғашқы ғалым болды.**



1856 жылы Семенов Тянь-Шанскиймен кездесіп, ол болашақ Шығыс зерттеушісі Шоқанға бағыт беріп, ғылыми жұмыстарына ықпал жасайды. Осы жылы Шоқан екі экспедицияға қатысады. Ол қазақтың оңтүстік аймақтарымен тығыз байланыста болған Қоқан хандығының экономикалық-саяси және әлеуметтік құрылысын жан-жақты зерттеп, «Қоқан хандығы туралы жазба» атты белгілі еңбегін жазады. Ыстықкөлдің картасын жасауға қатысады және осы сапарын «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» деген тарихи-этнографиялық шығармаларында суреттейді. Уәлихановтың ғылыми қызметі Орыс география қоғамының назарын аударып, 1857 жылы 27 ақпанда қоғамға мүшелікке алынады.

Уәлихановтың 1858 жылғы Қашқарияға сапары оның ғылыми қызметіндегі жаңа кезең болды. XIII ғасырдың соңғы ширегінде Марко Поло, 1603 жылы Геос қана болған жат өлкеге сапар шегіп, ол жайлы «Алашты шаһардың немесе Қытайдың Нан Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қамалының жайы» деп аталатын тамаша еңбек



*Шоқан Уәлиханов пен Фёдор Достоевский, Семей. 1859 жыл*



*Сырымбеттегі мекен. Шоқанның балалық шағы өткен жер*

жазады. Бұл – Шоқанның ғылыми мұраларының ішіндегі ең ірісі, Шығыс Түркістан тарихы жөнінде жазылған тұңғыш ғылыми еңбек. Еңбекті Ресей мен шетелдік Шығыс зерттеушілері жоғары бағалады. Ол 1865 жылы Лондонда «Орыстар Орталық Азияда» деген атпен ағылшын тіліне аударылып басылды. Оның бірқатар еңбектері неміс, француз тілдеріне де аударылды.

Шоқанның шығармаларын жинап бастыруда орыс ғалымдарының еңбегі аса зор. Орыс географиялық қоғамы басып шығарған Шоқан шығармаларына жазған алғы сөзінде академик Николай Иванович Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті», – деп жазды.

1858-59 жылдары Шоқан Қашқарияға жасырын түрде сапар шегеді. Бұл өте қауіпті әрі маңызды ғылыми экспедиция болатын. Сапар барысында ол жергілікті халықтың өмірін, саяси жағдайын, мәдениетін зерттеп, Еуропа ғалымдарына құнды мәліметтер жеткізді. Осы еңбегінің арқасында Шоқан орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланды. Бұл қазақ үшін үлкен мәртебе еді.

Шоқан Уәлиханов тек зерттеуші емес, нағыз ағартушы болды. Ол қазақ қоғамының артта қалуының себебі – білімнің жоқтығы, халықтың қараңғылығы деп білді. Сол себепті жастарды білімге, ғылымға, жаңашылдыққа шақырды.

Ол өз еңбектерінде әйел теңсіздігі, дін, халықтың тұрмыс-тіршілігі сияқты әлеуметтік мәселелерге де көңіл бөлді. Шоқан әйелдердің қоғамдағы орнын көтеру, балалардың білім алуын қамтамасыз ету керектігін айтып, заманына қарағанда өте озық ойлы тұлға болды. Одан қалған мұраның бірі – бейнелеу өнері туындылары. Олар Шоқанның осы өнер саласында қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі болғанын дәлелдейді. Ғалым негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс салтын бейнелеумен айналысты. Одан 150-дей сурет қалған.

Өкінішке қарай, Шоқан Уәлихановтың ғұмыры қысқа болды. Ол 30 жасқа жетпей, 1865 жылы Жетісу өңірінде қайтыс болды. Бірақ оның артында қалдырған мұрасы қазақ ғылымының алтын қазынасы болып қалды. Оның еңбектері арқылы қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі әлем ғалымдарына танылды.

Шоқан – өз халқын сүйген, оның болашағы үшін еңбек еткен нағыз ұлтжанды тұлға. Ол ғылым мен мәдениеттің, білім мен прогрестің шамшырағы болды. Бүгінде Қазақстанда Шоқан Уәлиханов атындағы университет, мектептер, көшелер мен мұражайлар бар. Бұл – оның есімі мен еңбегіне деген құрметтің белгісі.

**Мәншүк МАМУТОВА,**
**Қаракат СЕРІК,**
*Метеорология және гидрология кафедрасының 2-курс студенттері*



*Шоқан Уәлихановтың бейіті*

**Университеттердің халықаралық ұйымдармен әріптестігі Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруда стратегиялық маңызға ие. Өйткені мұндай ынтымақтастық ғылыми әлеуетті арттырып, жаһандық білімге қол жеткізуді ауқымдандыра түседі және күрделі әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге қажетті құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл әріптестік академиялық мобильділікті дамытуға, тәжірибе алмасуға және ТДМ-ға қол жеткізумен байланысты халықаралық ғылыми зерттеулерге қатысуға мүмкіндік береді, оның ішінде білім сапасын арттыру (ТДМ 4), инновацияларды ынталандыру және инклюзивті экономикалық өсу (ТДМ 8 және 9) бағыты бар.**

# Әлемдік банкпен әріптестік




